

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2015 жылғы « ____ » _____ № ____ бұйрығына
4-қосымша

«Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы талаптар

1. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу» (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет).
2. Мемлекеттік қызмет стандарты Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен дайындалған.
3. Мемлекеттік қызмет осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 1-қосымшасына сәйкес тізімдегі қылмыстық қудалау органдарымен көрсетіледі (бұдан әрі – қызмет көрсетуші).

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында арыздар мен хабарларды және басқа да ақпаратты (бұдан әрі - арыздар) қабылдау және нәтижесін беру қызмет көрсетушінің кезекші бөлімімен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің мерзімі:

- 1) көрсетілген қызметті көрсетушіге құқық бұзушылық туралы арызды тапсырған уақыттан бастап - 30 (отыз) минут ішінде;
- 2) өтінішті тапсыру барысында кезекте тұру уақыты барынша - 15 (он бес) минутты құрайды;
- 3) барынша қызмет көрсету уақыты - 45 (қырық бес) минутты құрайды.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу және Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесілік кодекстің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 185 –бабына сәйкес осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша хабарлама – талонын беру.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну: қағаз жүзінде.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетілу (бұдан әрі – қызмет алушы).

8. Кезекші бөлімде қызмет көрсетушінің кезекшілігі – тәулік бойы.

Мемлекеттік қызмет көрсету қызметі алдын-ала жазылусыз, кезектік тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Қызмет алушының қызмет көрсетушінің мемлекеттік қызметіне жүгінудегі қажетті құжаттардың тізімі:

1) осы мемлекеттік қызмет стандартының 3 қосымшасына сәйкес жасалған немесе жоспарланған қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш.

2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат немесе оның заңды құқықты өкілін өкілеттігін растайтын (тұлғаны сәйкестендіру үшін).

Қызмет қабылдаушы басқа да құжаттарды және материалдарды тапсыруға құқылы.

Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалардың және заңды тұлғалардың өтініштерді, құжаттарды және материалдарды нақтылайтын қосымшамен тапсырылады.

ҚР ҚПК-нің 181 бабының талаптарына сәйкес ауызша өтініш оны қабылдау туралы жеке хаттамаға еңгізіледі.

Қызмет қабылдаушы мемлекеттік органның лауазымды тұлғаларын қоспағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 419 бабының талаптары бойынша көрінеу жалған сөз жеткізу үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығы туралы ескертіледі.

10. ҚР ҚПК-нің 185 бабының талаптарына сәйкес өтінішті қабылдау мен тіркеуден бас тартуға жол берілмейді және ол заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету сұрақтары бойынша қызмет көрсетушінің және олардың жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық сұрақтары бойынша қызмет көрсетушінің, қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 13 қосымшасындағы мекен – жай бойынша жүзеге асырылады.

Өтінімдер пошта байланысы, жазбаша түрде немесе қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы қолма – қол қабылданады.

Өтінімдер қабылдануының нақтылануы қызмет көрсетушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмері, және түскен күні шағымның екінші данасына немесе жолдама хатқа қойылады).

Шағымда:

1) жеке тұлға – оның тегі, аты – жөні, әкесінің аты(болған жағдайда), пошталық мекен – жайы көрсетіледі;

2) заңды тұлға – оның атауы, пошталық мекен – жайы, шығыс номері және күні көрсетіледі.

Бар болған жағдайда – телефон және электрондық мекен – жайы.

Өтініштің қаралу нәтижесі бойынша негізделген жауап шағымданушыға пошта арқылы немесе қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы қолма – қол беріледі.

12. Мемлекеттік қызметтің көрсетілген қызметімен келіспеген жағдайда шағым иесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіп бойынша прокуратураға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Көрсетілетін қызметті берушінің кезекші бөлімдерінде мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдай көзделген.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында орналастырылған: [www.prokuror.kz.](http://www.prokuror.kz), [mvd.gov.kz.](http://mvd.gov.kz), www.anticorruption.gov.kz, [www.knb.kz.](http://www.knb.kz), [www.kgd.gov.kz.](http://www.kgd.gov.kz), [mod@mod.gov.kz.](mailto:mod@mod.gov.kz), info@sgork.gov.kz.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

«Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

Қылмыстық қудалау органдарының тізімі

1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен оның аумақтық құрылымдары;
2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен оның аумақтық құрылымдары;
3. Мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі мен оның аумақтық құрылымдары;
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери полициясы мен Шекара қызметі, және олардың аумақтық құрылымдары;
5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті мен оның аумақтық құрылымдары;
6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен оның аумақтық құрылымдары;
7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.

«Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 2 - қосымша

ТАЛОН-ХАБАРЛАМА (түбіртек) ТАЛОН-УВЕДОМЛЕНИЕ (корешок) /_/_/_/_/_/_/_/_/_ (карточканың саны\номер карточки) Өтініш \заявление, хабарлама \сообщение	ТАЛОН-ХАБАРЛАМА (жыртылмалы талон) ТАЛОН-УВЕДОМЛЕНИЕ (отрывной талон) /_/_/_/_/_/_/_/_/_ (карточканың саны\номер карточки) Өтініш \ заявление, хабарлама \сообщение
(өтініш берушінің аты-жөні \фамилия, инициалы заявителя)	(өтініш берушінің аты-жөні \ фамилия, инициалы заявителя)
(мекеме атауы \ наименование организации) қабылданды\принято.	(мекеме атауы \ наименование организации) қабылданды \принято. Қабылдаған\принял_____

Өтініш, хабарламаның қысқаша мазмұны\краткое содержание заявлений, сообщений	(лауазымы, аты-жөні\ должность, фамилия и инициалы)
_____	_____
_____	_____
_____	_____
Ақпаратты есепке алу кітабындағы тіркеу жазбасының нөмірі мен күні\номер и дата регистрационной записи в Книге учета информации/ Едином реестре досудебных расследований ____ «__» _____ 20__ ж.\г.	(орган атауы, мекенжайы және қызметтік телефоны \ наименование органа, адрес и служебный телефон)
Өтінішті, хабарламаны қабылдаған қызметкердің лауазымы, аты-жөні, қолы\должность, Ф.И.О., подпись сотрудника, принявшего заявление, сообщение	ақпараттарды есепке алу кітабындағы/ Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімдегі тіркеу жазбасының нөмірі мен күні \номер и дата регистрационной записи в Книге учета информации/Едином реестре досудебных расследований №__ «__» _____ 20__ ж.(г)
_____	Ескерту \примечание:
_____	Өтініш, хабарлама бойынша шешім қылмыстық-іс жүргізу заңында белгіленген мерзімде қабылданатын болады \ решение по заявлению, сообщению будет принято в сроки, установленные уголовно-процессуальным законом «__» _____ 20__ ж.\ г.
(қолы\подпись)	(қолы \ подпись)
Талон-хабарламаны қабылдаушының қолы\подпись получившего талон-уведомление _____ «__» сағ \час «__» мин. «__» _____ 20__ ж.\г.	Интернет желісінің мекен жайы: http://service.pravstat.kz
Интернет желісінің мекен жайы: http://service.pravstat.kz	Адрес Интернет ресурса: http://service.pravstat.kz
Адрес Интернет ресурса: http://service.pravstat.kz	SMS бойынша хабарласу 1012 телефон нөмірі арқылы
SMS бойынша хабарласу 1012 телефон нөмірі арқылы	1012 номер телефона SMS сообщения
1012 номер телефона SMS сообщения	Телефон бойынша 8 800-080-7777 нөмірі арқылы
Телефон бойынша 8 800-080-7777 нөмірі арқылы	Со стационарного телефона по номеру 8 800-080-7777
Со стационарного телефона по номеру 8 800-080-7777	Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы
Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы	С мобильного телефона по номеру 1414
С мобильного телефона по номеру 1414	Өтінішті қабылдаған қылмыстық ізге түсу органының телефон нөмірі _____
Өтінішті қабылдаған қылмыстық ізге түсу органының телефон нөмірі _____	Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____
Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____	Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: _____

«Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына

3-қосымша

Нысан

*Барлық жолдар толтырылуы қажет**

Бастыққа (органның атауы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) *	
Т.А.Ә. тұлғасынан; туған күні, айы, жылы, туған жері. *	
білімі, отбасы жағдайы, жұмыс орны, лауазымы *	
тіркелу мекенжайы, іс жүзінде тұратын мекенжайы (заңды мекенжайы) *	
байланыс телефондары (үй, жұмыс, ұялы) *	
электрондық мекенжай	
жеке куәлігі, төлқұжаты (нөмірі, сериясы, берілген күні) *	
Бұрын осы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызбен басқа құқық қорғау органына жүгінді ме (арыз беру күні, органның атауы)? *	

**Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы
ӨТІНІШ**

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 419-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізу үшін ең ауыр жаза 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген қылмыстық жауапкершілік туралы ескертілді

(қолы) _____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мен, _____, келесі тұлғаны қылмыстық

жауапкершілікке тартуды сұраймын, ол _____

_____ (азамат, лауазымды немесе өзге тұлға)

* **Атауы келіп түскен себепке байланысты өзгереді** (кінәсін мойындап келу, лауазымды тұлғаның хабарламасы және т.б.)

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалуының уақыты, орны және тәсілі (жағдайларды егжей-тегжейлі баяндаумен)

қылмыстық құқық бұзушылық орын алған дәл тәулік уақыты)

2. Қылмыскер (лер) туралы ақпарат (қылмыстық құқық бұзушылықты таныс адамдар жасаған жағдайда олардың

тұрғылықты мекенжайы, Т.А.Ә., қылмыскермен қатынастары, қылмыстық әрекеттердің себептері, ортақ таныстар, _____

қылмыстық құқық бұзушылықты бейтаныс адам(дар) жасаған жағдайда олардың жынысын, жасын, бойын, шашын,

айрықша белгілерін (тыртық, мең, акцент және т.с.с.), нәсілін, ұлтын, дене бітімін және т.с.с.көрсету)

3. Қылмыстық құқық бұзушылық тигізген залалдың сипаты (мүлікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша:

егер белгілі болса, залалдың теңгедегі сомасы, қолсұғушылық заты болған мүлік, олардың

егжей-тегжейлі сипаттамасы; жеке адамға және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша:

тигізілген дене зақымының сипаты, олардың шоғырланған орны, зақымдар тигізілген зат,

қылмыстық қолсұғушылықты жасаған тұлғалардың әрқайсысының рөлі,

медициналық мекемеге жүгінді ме, тексеруді қашан, қайда, кім жасады)

4.Заттай дәлелдемелер (қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысы бар киім, заттар және басқа да

соның ішінде, қылмыскер қалдырып кетуі мүмкін нәрселер)

5.Қосымша мәліметтер (қылмыстың куәгерлері мен өз көзімен көргендер, олардың тұрғылықты жері,

оқиғаның мүмкін аудио-бейне жазбасы және басқа да тіркелген мәліметтер)

Арыз менің сөзімнен дұрыс жазылды (басылды) және мен оқып шықтым

(арызды өз қолыммен жаздым (бастым)).

(керегін сызу) _____ (қолы)

Жоғарыда баяндалғандардан басқа, осы қылмыстық құқық бұзушылыққа мәні бар басқа да мәліметтер арыз берушіге беймәлім.

_____ (қолы)

«__» _____ 20__ ж.

«__» сағ. «__» мин.

Қосымша: _____

(қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз (жасалған хабарлама) расталатын құжаттар мен өзге материалдардың тізімдемесі)

Арызды қабылдады: _____

(қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеуге уәкілетті лауазымды тұлға, лауазымы, қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

№ _____ талон-хабарлама берілді

«__» _____ 20__ жылы

«__» сағат «__» минут

Қайнар: <http://m.prokuror.kz/kaz/prokuratura/prokuraturanyn-kyzmeti/memlekettik-kyzmetter/kylmystyk-kukyk-buzushylyk-turaly>